КОПИЯ/КӨШІРМЕ

РЕШЕНИЕ
ИМЕНЕМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2024 жылғы 16 мамыр №7119-24-00-2/5050 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«АҚ ЖОЛ-2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның «АҚ ЖОЛ-2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өндіру туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

«АҚ ЖОЛ-2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«АҚ ЖОЛ-2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 15340 (он бес мың үш жүз қырық) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 460 (төрт жүз алпыс) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«АҚ ЖОЛ-2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Шамшильдин Т.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 16.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Шамшильдин Т., 29.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

7119-24-3-1/4449